

№2 хатима
әдістемелік кеңестер
«Петровка ауылының жалпы орта мектебі» КММ
2023 жылғы қараша

Қатысқандар: 32

Күн тәртібі:

1. Мұғалімдердің БАҚ бетіне материал жариялау жұмыстарын ұйымдастыру;
2. Мектепшілік олимпиада құжаттарын дайындау және оқушыларды іріктеу;
3. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуын қадағалау;
4. БЖБ өткізу жағдайын талқылау;
5. Сабақта өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде сараланған тәсілді қолдану, оқу үлгерімі төмен оқушыға шамасы жететін жеке тапсырмаларды қосу, мұны сабақ жоспарына тіркеу;
6. Аттестация өтетін мұғалім дайындығы.

Бірінші және үшінші мәселе бойынша мектеп директорының міндетін атқарушы Егинбаева Ж.А сөз сөйледі мұғалімдердің БАҚ бетіне материал жариялау жұмыстарын ұйымдастыруды және мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуын қадағалау әр бірлестік жетекшілеріне тапсырылды

Екінші мәселе бойынша жалпы білім беретін пәндерден мектепшілік олимпиада өткізу Оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес күндері мектепшілік пәндік олимпиада өткізіледі.

Оқушылардың мектепшілік пәндік олимпиадасын өткізу туралы.

Оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аудандық және қалалық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес күндері мектепшілік пәндік олимпиадаға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Әр пәндер бойынша олимпиада резервтері және олимпиадаға дайындау кестелері бекітілді.

Олимпиадамынан егізгі пәндер бойынша өткізіледі:

Қазақ тілі мен әдебиеті;

Қазақстан тарихы;

Орыс тілі мен әдебиеті;

ағылшын тілі;

математика;

физика;

информатика;

химия;

биология;

география;

құқық негіздері

Олимпиадаға қоғамдық-гуманитарлық пәндер, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша 2-4, 5-6, 7-8, сыныптар оқушылары қатыстырылады.

Олимпиада қорытындысы бойынша әр пәннен озық шыққан оқушылар іріктеліп, аудандық пәндік олимпиадаға қатысатын команда жасақталады және алдағы кезеңдерге дайындық жұмыстары ұйымдастырылады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕЛЕРІ мен толық таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша ӘБ жетекшілері Сағандықова М.У., Бондаренко И.К., Унгарова Х.Т., БЖБ өткізу жағдайын талқылап жүргізу ережелерін пысықтап өтті БЖБ

материалдарын қарастырып жүргізу ережелерін пысықтап өтті ;

Бесінші мәселе бойынша мектеп тренері Егинбаева Ж.А сабақта озидік жұмысты ұйымдастыру кезінде сараланған тәсілді қолдану, оқу үлгерімі төмен оқушыға шамасы жететін жеке тапсырмаларды қосу, мұны сабақ жоспарына тіркеу жөнінде айтып өтті

Алтыншы мәселе бойынша Евлоева Ж.Х мұғалімдерді сертификаттаудың тиімділігі педагогтерді аттестаттау (бұдан әрі - ереже) тыңдалды, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139 – бабының 7-тармағына, "педагог мәртебесі туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 14-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі-заң) сәйкес

азірленді мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы), педагогтерді аттестаттаудан өткізу және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды. Ахатова Б.К

-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, біліктілік санаттарын арттыру және біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы. Педагог қызметкерлерді аттестаттаудың

жаңа ережелерімен таныстырды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 210 бұйрығы Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінде 2023 жылғы 9 маусымда №32744 болып тіркелді 2022 жылдан

бастап педагогтердің біліктілігін арттыру курстары әр үш жыл сайын өтеді, осыған

байланысты курстардан өтудің жаңа кестесін жасау қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мұғалімдердің БАҚ бетіне материалдарын жүктеуді Бондаренко А.Н жүктелінсін;

2. Мектепшілік пәндер олимпиадасының материалдары бекітілсін;

Мектепшілік пәндер олимпиадасының ережесі барлық педагогтардың назарына жеткізілсін;

Мектепшілік пәндер олимпиадасына қатысатын оқушылардың тізімі анықталсын;

2-4, 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушыларының мектепшілік олимпиадасын өткізу жоспарға сәйкес жүргізілсін.

3. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуы жоспар бойынша жүргізілсін;

4. БЖБ материалдарын бірлестік отырысында қарастыру ;

5. Қысқа мерзімді жоспарда құрастыруда оқылық пен жұмыста жоспарлансын;

6. Санат мерзімін аяқталатын және санатқа бірінші рет өтініш беретін мұғалімдердің

тізімін жасау. Сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда жобалау-зерттеу,

шығармашылық дағдыларды дамыту. Жауапты: пән мұғалімдері. Педагогтердің

біліктілігін арттырудан өту жоспарын жасау. Жауапты: Евлоева Ж. Х

Жиналыс төрағасы

Хатшы